

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve "Saraishyq" - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 567-581, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.00
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_567-581

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ:
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА**

Қабдолдина Керім Қуанышқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (71-үй, әл-Фараби даңғ., 050040, Алматы қ., Қазақстан)
PhD-докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Қабдолдина К.Қ., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Мақалада қазіргі қазақстандық ғалымдардың, отаршылдық кезеңдегі ислам тарихы жөніндегі жұмыстары қарастырылады. Тарихнамалық талдаудың мәні XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы исламға қатысты Ресей империясының саясатына байланысты, қазақтар арасында мұсылмандық өмір нормалары мен құндылықтардың таралу ерекшеліктері, сондай-ақ мұсылмандық салт-дәстүр мәселесі болды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы Ресей патшалығының мұсылман халықтарына қатысты жүргізген саясатына байланысты, Қазақстандық еңбектерге тарихнамалық талдау. Және де жұмыста, патша билігі тұсындағы қазақтардың қажылыққа бару, мешіт – медреселер салу, қоғамдық – әлеуметтік мәселелеріне қатысты зерттеулер талданады.

Қазіргі кездегі зерттеулердің маңыздылығы, мәселенің ауқымды және дерек көздерінің кеңеюінде. Мақалада зерттеудің негізгі бағыттары көрсетілген. Бірінші бағыт, қазақ даласындағы ислам, Ресей билігінің империялық кезеңінің ерекшелігі. Соның ішінде, Қазақстандағы исламға қатысты саясатын отарлық саясаттың бір түрі ретінде қарастыған еңбектерге талдау. Екінші бағыт, отаршылдық кезеңнің соңында, қазақтардың мұсылмандық салт-дәстүрлеріне, мұсылмандық өмір нормаларына және құндылықтарына байланысты мәселелерді қарастырады. Ал, үшінші бағыт, қазақ даласындағы қажылықты зерттеу. Қажылықтың қазақтар үшін маңызы мен империяның қажылық арқылы мұсылман халықтарына өз бақылауы күшейе түскен туралы жұмыстар саны басым. *Нәтижелер:* XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы ислам мәселесіне байланысты жұмыстарға салыстыру жұмыстары жасалынды. *Қорытынды:* Отыз жылдың ішінде қазақ даласындағы ислам мәселесіне қатысты біршама еңбектер жазылды. Олардың көпшілігі Ресей империясындағы діни саясаттың отарлық сипатын ашады. Сонымен қатар, қазақ даласынан аттанған қажылар саны архив құжаттары негізінде толықтырылып келеді, алайда толық тізім мен аймақтық ерекшеліктері әлі де зерттеу жұмыстарын қажет етіп отыр.

Түйін сөздер: Ресей империясы, ислам, қажылық, мешіттер салу, Орынбор мұфтиятының рөлі, медресе.

Дәйексөз үшін: Қабдолдина К.Қ. Қазақстандағы отаршылдық кезеңдегі ислам тарихы: қазіргі қазақстандық тарихнамада // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 567-581 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_567-581




THE HISTORY OF ISLAM IN KAZAKHSTAN DURING THE COLONIAL PERIOD: MODERN KAZAKH HISTORIOGRAPHY

Kabdoldina Kerim Kuanyshkyzy

Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan)

PhD – student

 <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

Abstract. *Introduction.* This article discusses the work of modern Kazakh scholars on the history of Islam in Kazakhstan during the colonial period. The subject of historiographic analysis was the problem of the peculiarities of the spread of Muslim norms of life and values, as well as Muslim rituals among the Kazakhs in connection with the policy of the Russian Empire towards Islam in Kazakhstan in the late XIX – early XX centuries. *Objectives.* The historiographical analysis of Kazakh works in connection with the policy of the Russian Kingdom towards Muslim peoples in the Kazakh steppe of the late XIX-early XX century is carried out. Also at work, studies are analyzed concerning the pilgrimage of Kazakhs under the tsarist government, the construction of mosques – madrasahs, socio–social problems.

At the same time, the modern stage of study is characterized by an expansion of the range of problems, as well as the source base. The article highlights the main areas of research. The first direction concerns the policy of the Russian authorities towards Islam in Kazakhstan at the end of the imperial period. The second direction is devoted to the study of pilgrimage from the Kazakh steppe. And, finally, the third direction develops issues related to Muslim rituals, Muslim norms of life, and values among the Kazakhs at the end of the colonial period. *Results.* The comparative work on the written work on the problem of Islam in the Kazakh steppe is carried out. *Conclusion.* For thirty years, many works have been written concerning the problem of Islam in the Kazakh steppe. Many of them reveal the colonial nature of religious policy in the Russian Empire. In addition, the number of pilgrims traveling to the Kazakh steppes is replenished based on archival documents, but the full list and regional peculiarities still require research work.

Keywords: Russian Empire, Islam, Hajj, construction of mosques, the role of the Orenburg Muftiate, madrasah.


For citation: Kabdoldina K.K. The history of islam in kazakhstan during the colonial period: modern kazakh historiography // *Otan tarikhy*. 2023. Vol. 28. No. 3. Pp. 567-581 (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_567-581

ИСТОРИЯ ИСЛАМА В КАЗАХСТАНЕ В КОЛОНИАЛЬНЫЙ ПЕРИОД: СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСТАНСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ

Кабдолдина Керим Куанышкызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби (дом 71, пр. аль-Фараби, 050040, г. Алматы, Казахстан)

PhD-докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-6703-6871> e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматриваются работы современных казахстанских ученых по истории ислама в Казахстане в колониальный период. Предметом историографического анализа стала проблема об особенностях распространения мусульманских норм жизни и ценностей, а также мусульманской обрядности среди казахов в связи с политикой Российской империи в отношении ислама в Казахстане в конце XIX-начале XX вв. *Цель и задачи исследования.* Проведен историографический анализ казахстанских трудов в связи с проведенной политикой Русского царства в отношении мусульманских народов в казахской степи конца XIX начала XX века. Также на работе, анализируются исследования, касающиеся паломничества казахов при царской власти, строительства мечетей – медресе, общественно – социальных проблем.

В то же время современный этап изучения характеризуется расширением проблематики, а также источниковой базы. В статье выделены основные направления исследования. Первое



направление касается политики российских властей в отношении ислама в Казахстане в конце имперского периода. Второе направление посвящено изучению паломничества из казахской степи. И, наконец, третье направление разрабатывает вопросы связанные с мусульманской обрядностью, мусульманскими нормами жизни и ценностями у казахов в конце колониального периода. *Результаты.* Проведена сравнительная работа по написанной работе по проблеме ислама в казахской степи. *Заключение.* За тридцать лет было написано немало трудов, касающихся проблемы ислама в казахской степи. Многие из них раскрывают колониальный характер религиозной политики в Российской империи. Кроме того, количество паломников, отправляющихся в казахские степи, пополняется на основе архивных документов, однако полный список и региональные особенности по-прежнему требуют исследовательской работы.

Ключевые слова: Российская империя, ислам, хадж, строительство мечетей, роль Оренбургского муфтията, медресе.
Для цитирования: Кабдолдина К.К. История ислама в казахстане в колониальный период: современная казахстанская историография // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 3. С. 567-581. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_567-581

Кіріспе. Қазақстандағы отаршылдық кезеңнің маңызды мәселелерінің бірі – Ресей империясының аясында, исламның қазақтардың өміріне әсері. Бұл мәселені зерделеу, кеңестік кезеңге дейінгі қазақ қоғамының сипаттамалары туралы түсінігімізді тереңдетеді. Сонымен қатар, қазақ қоғамының бейнесін қалыптастыруда мәселені зерттеу маңызды болып табылады. Және де, отарлау саясатында исламның рөлі мен орнын анықтауға мүмкіндік береді. Сол себептен, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда тарих ғылымының дамуында, аталған мәселені зерттеу жаңа кезең болды. Осы тұрғыда, 1991-2021 жылдар аралығында тарихнамалық қайта қарауды қажет ететін, біршама зерттеу жұмыстары да жинақталған. Мақалада қазақтардың өміріндегі исламдық фактордың рөлін, Ресей билігінің саясаты контекстіндегі мұсылмандық өмір нормалары мен құндылықтардың таралу дәрежесін зерттеу қорытындылары көрсетілген.

Әрине, кеңес үкіметінің тұсында діни тақырыптарды зерттеу мүмкіндігі шектеулі болды. Дін, большевизмнің жалпы идеологиясын құруға айтарлықтай кедергі ретінде қарастырды. Қазақ халқының өмірінде ислам тарихы жоғалып кетудің алдында болды. Оған дәлел ретінде, кеңестік билік кезіндегі Қазақстандағы ислам мәселесін зерттеген, Г. Мұхтарова дін мен мемлекеттің заңнамалық – құқықтық, өзара қарым – қатынастарының бірнеше кезеңдерін ашып көрсетеді. КСРО – дағы мемлекеттік діни қатынастардың қатаңдығы және оның кеңестік модельдері үкімет қаулысымен бекітіліп отырды (Мұхтарова, 2007: 310). Осыған байланысты ислам қазақ даласынан, оның өмірінен де алыстатылғаны да айтылады. Дін тақырыбына қатысты зерттеулерге де тыйым салынды. Тіптен діни тұлғалар қатаң бақылауға алынып, қуғын – сүргінге де ұшырады. Сонымен қатар, әдебиетте де халық фольклорынан да діни ұғымдар алынып тасталды. Бұның барлығы кейін «нашар мұсылман», «діни синкретизм» түсініктерінің қалыптасуына алып келді. Қарапайым халықтардың арасында дінге деген немқұрайлық басым болды деген тұжырымдар да көп кездеседі. Кеңестік идеология тұрғысында жазылған еңбектерден, қазақ даласындағы исламның, мұсылманшылықтың шынайы бейнесі жоғалды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақаланы жазуда Ресей империясының отаршылдық саясаты жағдайында, қазақтардың өміріндегі исламның рөлін зерттеу бойынша, қазақстандық ғалымдардың заманауи жұмыстары пайдаланылды. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін, осы тақырыпты зерттеуде үлкен бетбұрыс жасалды. Өйткені кеңестік кезеңде күшті идеологиялық өктемдік, дінге қарсы позиция және атеизм бұл тақырыпты зерттеу үшін қатаң негізді енгізді. Тәуелсіздік алғаннан кейін, аталған тақырып бойынша, диссертациялық зерттеулерден бастап, мәселені зерттеу саласындағы ғылыми монографияларға дейін әртүрлі сипаттағы бірқатар жұмыстар жинақталды. Осы жұмыстарға тарихнамалық талдау жасау, отарлық саясат тұсындағы қазақ даласындағы исламның зерттелу мәселесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақала, проблемалық-хронологиялық принципке негізделіп отырып, тарихнамалық талдау көздері үш тақырыпқа бөлінген. Бірінші тақырып, Қазақстандағы діндер мен конфессиялар тарихы бойынша жұмыстармен байланысты. Екінші тақырып, Ресей империясының исламға



қатысты саясаты бойынша жұмыстарды қамтиды. Қазақ даласынан қажылық тақырыбына байналанысты әдебиеттердің көлемді жинақталуынан, жеке тақырып ретінде қарастырылады. Сондықтан, үшінші тақырып, қазақ қажылығына байланысты жұмыстар қатарын қамтиды.

Мақалада қолданылған негізгі әдіс - сапалы жалпылау әдісі – Qualitative data synthesis. Бұл әдіс, Ресей империясының отаршылдық саясаты контекстінде, қазақ қоғамындағы исламның рөлі мәселесіндегі жұмыстарына сапалы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмыстары арасында аналитикалық байланысын құру мақсатында, қазақстандық авторлардың жарияланымдарын тақырыптық тұрғыда талдауды көздейді. Және де жазылған еңбектер жиынтығына, сапалы түрде зерттеу нәтижелерін шығаруға мүмкіндік береді.

Талқылау. Қазақстанда ислам тарихы және оның орны мен рөлін анықтау уақыт өткен сайын, өзектілігі артып келеді. Оған сәйкес, қазақстандық ғалымдардың да саны мен сапасы күн санап өсуде. Ислам, қазақ даласында өмір сүргеннен бастап, оның барлық саласында көрініс тапты. Осыған орай, отандық ғалымдар қазақы мұсылмандықтың қыр – сырын барынша ашуда. Солардың ішінде, Орталық Азия халықтарының исламдану процессін жүйелі түрде зерттеген ғалым, А. Муминов, қазақ даласындағы көшпенді халықтың мұсылмандық бейнесін шығыстық деректер негізінде маңызын арттырды (Муминов, 2006: 77). Ал, тарихтың жаңа дәуірінен бастап қазақ мұсылман қоғамы Ресей империясының отарлауын, кейін кеңестік үкіметтің атеистік саясаты сынды, гео-мәдени сынақты басынан өткерді. Қазақ даласында, дәстүр мен исламның қатар жүріп отыратына біршама талдаулар жасап, аймақтық ерекшеліктерін көрсететін авторлар қатары біршама. Алайды, қазақ даласындағы исламның рөлі аймақ бойынша әлі де толықтыруларды талап еді. Соның ішінде, далалық өлкелердің ерекшеліктері толық ашылмаған. Сонымен қатар, қазақы мұсылмандық дәстүрге байланысты бірегей еңбектерді жазуда ерекше қажеттілік туындап отыр. Себебі, ислам тарихын зерттеп, оның қазақ даласындағы көрінісіне баға беру кеңестік билік тұсында тыйым салынған мәселелердің бірі еді. Мемлекетті құру бағыттарының негізі де дәстүрлі тұрмыс – салтсыз және дінсіз қоғамды құру болды. Осы тұрғыда, қазақ даласындағы дін мәселесі де зерттеу назарынан да, оның өмірінен де алып тасталды. XX ғасырдың 20–30 жылдарынан бастап, КСРО–да зерттеушілердің шығармашылық аймағы, марксистік теория мен тарихи әдіснамалық мүмкіндіктермен шектелді. Тарихшылардың зерттеулерінде патша үкіметінің рухани саладағы саясатының алғашқы қателіктері туралы саяси тезис бекітілді. Ал, XX ғасырдың 70-80 – ші жылдарындағы әдебиеттерде, Ресейдің исламға қатысты саясатын анықтайтын отарлау мүдделері туралы көзқарас қалыптасты. Алайда, қайта құру кезеңінің басталуымен, және де еліміздің тәуелсіздік алуынан кейін қазақ даласындағы исламды зерттеу қолға алынып, күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келеді.

Тәуелсіздік жылдарында осы аталған мәселелер өз шешімін таба бастады. Қазақы мұсылмандық тарихи тұрғыда қайта қаралып, түбегейлі өзгерістер орын алды. Зерттеушілер тарапынан біршама еңбектер жарық көрді. Қазіргі заманғы зерттеушілердің жұмысына тарихнамалық тұрғыда шолу жасап, жүйелі түрде өзіндік бағасын берген тарихшы, әрі дінтанушы Н. Нуртазина болды. Ғалымның заманауи сарапшылардың қазақтардың діни өткеніне дұрыс баға бермеуінің себебі, халқымыздың рухани тұрғыда өзін-өзі бағаламауында деген тұжырымы үлкен мәнге ие. Посткеңестік кеңістікте әлемдік діндердің қайта жаңғыруы мен одақтың ыдырауы зерттеушілердің ислам тарихына деген қызығушылығын күшейтті. Сонымен қатар, автордың пайымдауынша исламның Қазақстан тағдырындағы тарихи рөлі туралы ортақ пікірді қалыптастыру, бүгінгі таңның басты міндеті деп санайды (Нуртазина, 2021: 10). Осылайша, ислам тарихының белгілі зерттеушісі, дербес мектептің негізін қалаушы Н. Нуртазина «Қазақстандағы ислам» тақырыбын зерттеудің жиырма жылдық кезеңін қорытындылай келе, қазақы мұсылмандық дәстүрді қолдайтын тұжырымдамалардың саны артып келе жатқанын айтады.

XIX ғасырдың аяғында империализмнің жаһандық саясаты аясында қажылықтың рөлі күшейе түсті. Құрамында мұсылман халықтарының көбеюімен, және кең ауқымды мемлекеттік көлік желісінің құрылуына байланысты Ресей империясында қажылық жаппай құбылысқа айналғаны зерттеулерден белгілі. Осыған байланысты қазақ даласынан аттанған қажылық сапар туралы жан – жақты зерттеу маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ресейлік қажылық феноменін көптеген алыс – жақын шет елдік ғалымдар зерттей отырып, Орта Азиялық қажылық мәселесіне де қызығушылық танытуда (Schwarz, 2012: 312). Ал



XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басындағы қазақ даласынан аттанған Меккеге қажылық сапар туралы отандық ғалымдардың зерттеулері, әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Қажылық мәселесі төңірегінде арнаулы еңбектер жоқтың қасы. Сонда да, тақырып төңірегінде Қазақстандық ғалымдардың үлесі қандай екені де қызығушылық тудырады.

Нәтижелер. Қазақстанның егемендікке ие болуы, империялық кезеңнің хронологиялық шеңберінде илсам проблемасын жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы ұлттық – саяси мақсаттарға бағынатын, исламды жаңғырту үдерісімен қатар жүрді. Бұл тұрғыда посткеңестік кезеңде, алғашқылардың бірі болып, қазақ даласындағы ислам мәселесін көтерген, Алма Сұлтанғалиева болды (Султанғалиева, 1998: 188). Зерттеуші, өз еңбектерінде қазақ даласындағы исламның рөлін және оның даму кезеңдерін жан – жақты ашып көрсетті. Автордың пікірінше, тарихи тұрғыдан ислам қазақтар үшін әлеуметтік ұйымның нысаны емес, рулық, тайпалық және кейінірек этникалық құрамды қамтитын ұжымдық сәйкестендіру элементтерінің бірі болды. Бұл мәселені ең алдымен, көшпелі қазақ қоғамындағы исламдану ерекшелігімен байланыстырады. Сонымен бірге, қазіргі қазақ қоғамының белгілі бір бөлігінің Қазақ тарихы мен мәдениетіндегі исламның рөлін абсолюттеу әрекеттері тарихи тұрғыдан емес, ұлттық мемлекетті құру және нығайту мақсатындағы табиғи көрінісі ретінде сипаттайды. Ислам, қазақ халқының тарихи жадының бір бөлігі ретінде маңызды және ол жалпы қазақ қоғамының этникалық санасының қазіргі кезеңі үшін табиғи нәрсе болды. Жетекші ғалым, А. Сұлтанғалиеваның тұжырымы бойынша: «Жалпы, топтық идентификациялар деңгейінде ислам діні – қазақ ұлтының тілімен, рулық-тайпалық қатынасымен, қазақ ұлтының мемлекеті ретінде тарихи тағдырымен және басқа да қазақ ұлтының басты болмысын білдіретін элементтерінің бірі болып табылады» (Султанғалиева, 1998: 213). Осы кезде, ислам мәселесінде тарихшылар қатарына әдебиетшілерде қосылып, зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. XIX және XX ғасырдың басындағы ислам дінінің этникалық бірегейліктегі маңызы, мұсылман дінінің шаруашылық пен салт – дәстүрге, қазақ әдебиетіне деген әсері сынды мәселелерге баса назар аударған, жазушы әрі аудармашы А. Жақсылықов болды (Жақсылықов, 1999: 422). Автор өз еңбегінде, қазақ әдебиеті тарихындағы діни бағыттағы ақындардың орны, басқа әдеби ағымдар мен бағыттармен идеялық-эстетикалық байланыстар мен қатынастар, олардың ұлттық мәдениеттің жалпы дамуына, оның ішінде рухани дамуына шығармашылық үлесі, философиялық ілімдер сынды мәселелерін тереңнен қарастырады. Соның ішінде, Жақсылықов қайғы - қасірет дәуіріндегі ақындарды (зар заман ақындары) біріктіретін дүниетанымдық тенденциясын: «Қазақтар өздерінің мемлекеттік тәуелсіздігінен, ата-баба жерлерінен, әкімшілік құқықтарынан айырылуы, болыс бастықтарының сайланбалы билігінің енгізілуі, моральдық деградация, отбасылық-туыстық қатынастардың бұзылуы сынды құбылыстарды, «Зар заман» ақындары библиялық - құран эсхологиясының парадигмаларына сәйкес, алдағы апаттың айқын белгілері ретінде, яғни ақыр заман ретінде қабылдайды» - деп, көрсетеді (Жақсылықов, 1999: 182). Ал, Қазақстандағы дін тарихы бойынша маман А. Нұрғалиева «Зар заман» ақындарының еңбектерін, дәстүрлі қоғамда болып жатқан өзгерістерге және қазақ даласындағы модернизациялық процесстерге қарсы білдірген реакциялардың бір формасы ретінде қарастырады (Нурғалиева, 2010: 92). XIX ғасырдағы қазақ ойшылдарының шығармашылығындағы исламның рөлін «зар заман» ақындарының негізінде ашып, оларды исламның белсенді уағыздаушылары ретінде көрсетеді. Және де, тарихшы А. Нұрғалиева диссертациялық жұмысында, қазақтарды исламдандыру процесі асығыс емес, өте ұзақ уақытқа созылған сатылы процесс болғанын көрсетеді. Және де ол, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын, оның геомәдени құндылықтарын жоймай, ары қарай исламмен бірге жалғасын тапты деген пікірде. Қарқынды мәдени байланыс процесінде, қазақ мәдениеті өзінің мықты тұрақтылығын дәлелдеді деп сипаттайды (Нурғалиева, 2010: 167). Автор, осылайша этнографиялық, тарихи дереккөздерге, мұрағаттық құжаттарға сүйене отырып, сыни тұрғыдан және көптеген ғылыми әдебиеттерді, соның ішінде батыстық зерттеулерді қолдана отырып, діни ахуалдың өзгеру динамикасын ашады. Исламның рөлі биліктің қоғамға қатысты өзгеріп отыруында деген тұжырымға келеді. Және де, ерекше атап өтетін тұсы исламның мәдениеттегі рөлін, сол заманның ақын-жырауларына талдау жасай отырып сипаттама беруінде.



Осылайша, ислам діні халық әдебиетінде де ерекше орын алды. Оның мазмұны мен мәнінде де мұсылмандық қағидалар мен ұстанымдар терең байқалды. Қазақ даласында болып жатқан өзгерістер, әрине сол дәуірдің ойшылдары, XIX ғасырдың ақын – жырауларының еңбектерінде де діни тақырыптар көрініс тауып отырды. Тарихшылар мен әдебиетшілердің жұмыстарынан ақын – жыраулар контекстіндегі исламның рөлі мен оның халық арасындағы маңызын анықтауға болады. Және де бұл жұмыстардан, исламның қазақ өмірінің барлық қырынан көрініс тапқанын аңғаруымызға болады.

Егемендіктің келесі онжылдығында, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отарлық саясаты тұрғысындағы ислам діни тақырыптарында зерттеу тереңдей түсті. Зерттеу жұмыстарының қатары, этнографиялық тұрғыда жүргізіліп, толықтырыла бастады. Соның ішінде, этнографиялық материалдар негізінде, қазақ халқының өміріндегі ислам, дәстүр мен салт – сананы көрсете білген, әсіресе дәстүрлі исламға ерекше көңіл бөлген этнограф, Р. Мустафина жүйелі зерттеу жұмысын жүргізді (Мустафина, 2006: 97). Зерттеу жұмысында Қазақстан территориясында исламның таралуы, XIX ғасырдың соңында отбасылық өмірде діни жоралғылардың орындалуы мен түсініктері қарастырылған. Алайда, автор тұрмыстық исламның қыр-сырын көрсете отырып, исламға дейінгі нанымдар мен рәсімдердің де маңызды рөлі туралы идеяны жақтайды. Р. Мустафина арнайы этнографиялық зерттеулер негізінде, ислам – өзіне дейінгі дүниетанымдық дәстүрлер мен әдет ғұрыптардың элементтерін ығыстыруға тырысқанымен, ол әртүрлі деңгейде өзара әрекеттесу арқылы, қатар өмір сүріп келді деп келтіреді. Соның ішінде, әсіресе «әулиелер культі» халықтық исламды анық көрсететін белгілердің бірі ретінде автор ерекшелік өтеді. Әулиелерге табыну дәстүрінің мықтап орнығуын этнограф – ғалым, түрлі құдайларға табынудағы архаикалық ұғымдардың әсері ретінде түсіндіреді. Әсіресе, Түркістан, Маңғыстау аймағындағы киелі жерлерді оған дәлел ретінде келтіреді. Автордың тұжырымы бойынша, ресми исламмен қатар, қазақтардың күнделікті өмірінде исламдық діни көзқарастар мен тәжірибелерге дейін реликттер жалғасуда. Сонымен қатар, автор қазақтар арасында, ресми емес діни жоралғылар, атап айтқанда, шырақшы, дуана, тәуіп, емші, сынықшы сонымен қатар, құмалақшы, балгер сынды жоралғылар да кеңінен таралғанын айтады. Және де жұмыста, Қазақтардың діни өміріндегі исламдық көзқарастар, салт-дәстүрлермен қатар діннің алғашқы формаларының: анимистік идеялардың, демонологияның, шамандықтың, сиқырдың, зоолатрияның, тотемизмнің, қайтыс болған ата-бабаларды қастерлеудің, от пен ошақтың және басқа да ежелгі дүниетанымдық дәстүрлердің реликтері сақталған деген қорытындылар келтіреді (Мустафина, 2006: 213).

XXI ғасырдың екінші онжылдығында, авторлар Қазақстандағы ислам тақырыбын әр түрлі қырынан зерттеп, одан әрі тереңдете түсті. Мысалы, Қ. Сейтқазин қазақ даласында мұсылмандықтың өзіндік ерекшеліктерінің біріне, оның географиялық жағдайының әсері туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Автордың айтуынша, еліміздің географиялық тұрғыда ауқымдылығымен қатар, оның әр аймағы менталитеттік жағынан да ерекшелігі, өмір сүру салты, климаттық жағдайы, халықтық психологиясынан да айырмашылықтар табуға болады. Еліміздің солтүстік аймағындағы ислам діні және оның таралуы туралы Қ. Сейтқазинаның диссертациясында Солтүстік аймақтың ерекшеліктерін бере отырып, автор «қазақи ислам» тұжырымын қолдануды дұрыс деп есептейді. Себебі ислам өзінің таралу аймағына байланысты сол халықтың салт-дәстүрімен бірге қалыптасып, тарайды. Сонымен қатар, ислам – XIX ғ. соңы – XX ғ. басында ұлт – азаттық күрес идеологиясына айнала бастады деген қорытындыға келеді (Сейтқазин, 2010: 131).

Осы уақытта, аймақтық тұрғыда зерттеу жұмыстары да пайда бола бастады. Түркістан, дәстүрлі түрде, түркі халықтарын біріктіріп қане қоймай, ислам діні тереңнен енген аймақ ретінде белгілі. Осыған байланысты, Түркістан аймағының діни мәселелерін кең көлемде қарастырған, оған жүйелі түрде өзіндік бағасын берген тарихшы Н. Нуртазинаны ерекше айтамыз. Жұмыста, Түркістанның рухани тарихы, исламның дамуы, мәдениетті интеграция контекстінде салыстыру және де мұсылман халықтарының модернизациясы мәселелері тереңінен қарастырылған (Нуртазина, 2008: 166). Автор, аймақтың ерте кезден отырықшы өмірге бейімділігімен қатар, Орталық Азияның мұсылман халықтарының жақын орналасуы мен әсерін маңызды фактор ретінде айтады. Тарихшы әрі исламтанушы Н. Нуртазина XIX-XX ғасырда Түркістан халықтары бір - біріне одан әрі жақындай түсуінің себебін, аталған тарихи



уақытта мұсылман интеллигенциясының жәдидизм тұрғысында қалыптасуы, аймақтағы мұсылмандардың рухани түрде бірігуін күшейтті деген тұжырым береді. Сондай - ақ аймақта діни тұлғалардың рөлі ерекше болғанын айта отырып, ғалым исламдағы жеке тұлғаларды зерттеу мәселесін көтеріп, оның ғылыми маңызын жан – жақты көрсетті.

Осыған байланысты А. Абдиханованың диссертациялық жұмысында, Түркістан аймағының басқа өңірлерден өзіндік ерекшеліктерін, патша әкімшілігінің Оңтүстік аймаққа қатысты діни саясатын, оның қалыптасуы мен ерекшеліктері көрсететілген (Абдиханова, 2010: 137). Автор, отарлау саясатының әскери, саяси – экономикалық бағыттардан ерекше орын алатын түрі діни, рухани отарлау дей отырып, Қазақстанды жаулап алудағы империялық саясаттың шешуші кезеңдері еліміздің оңтүстік аймақтарындағы рухани экспансия болды деген тұжырымды ұсынады. Зерттеуші аймақтың ерекшелігі ретінде: XIX ғасырдың 80 жылдарында, елдің оңтүстік – шығысына Қытай жерінен екі ірі мұсылмандық топтар – ұйғырлар мен дүнгендердің келуі және де дәстүрлі мұсылман өкілдері сарттар мен өзбектердің аймақта өмір сүруі ислам позициясын одан әрі күшейткенін айтады. Ал, патша үкіметінің ислам дініне қарсы саясатының нәтижесіз болуы, қазақтардың шынайы мұсылманшылығында деп түсіндіреді.

Қазақстандағы діни – рухани мәселе бойынша зерттеу жұмыстарында, қазақ даласындағы миссионерлердің рөлі мен маңызы туралы жұмыстар қатары да пайда болды. Соның ішінде, қазақстандық белгілі зерттеуші, мәселе төңірегінде олардың қызметі мен рөлін көрсете білген З.Т. Садвакасованың еңбегі ерекше. Автор жұмысында, XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы қазақ даласындағы болып жатқан өзгерістер ішінде, православ миссионерлерінің рөлі рухани отарлаудың қызметін атқарды деген тұжырым береді. Зерттеуші Сырдария аймағындағы мұсылман және православ миссионерлеріне қатысты деректерді кеңінен қолдана отырып, орыс шіркеуінің қазақ даласына әсері және оның отарлау саясатының бір түрі болғанына қарамасатан, қазақтар арасында кеңінен тарай алмағанын сипаттайды (Садвакасова, 2005: 277).

Ал, тарихшы А. Тасмагамбетовтың еңбегінде мұсылман миссионерлерінің аймақта ислам дінінің тереңдей түсуіне әсер еткен маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады (Тасмагамбетов, 2009: 40). Сонымен қатар, Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің күшейіп келе жатқан мұсылман дінбасыларына қарсы миссионерлік қызметінің әдістері мен себептерін тереңнен зерттеген. Автор, Орталық Азия халықтарымен қатар, Еділ, Сібір аймағынан да миссионерлік әрекеттері жүре отырып, сопылар мен қожалардың да рөлі осы тұста үлкен әсер бергенін айтады.

Ендігі кезекте, аталған мәселеге байланысты, еліміздің бір топ тарихшы ғалымдары және тақырып бойынша белгілі маман, З. Садвакасованың жетекшілігімен ұжымдық монография жарияланды (Садвакасова және т.б., 2022: 461). XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман және православие миссионерлерінің қызметіне, қазақ даласындағы ерекшеліктеріне байланысты талдау жұмыстарын жүргізді. Мұсылман және православие миссионерлерінің қызметіне арналған ұжымдық монографияда, архив деректерін пайдалана отырып, қазақтардың күнделікті өміріне ислам мәдениетінің орнығу ерекшеліктеріне назар аударады. Қазақ халқының сал – дәстүріне, әдет – ғұрыптарына талдау жасай келе, XIX-XX ғасырдың басындағы қазақтарды тек сыртқы сипатта мұсылмандар деген тұжырымға қарсы болды. Сонымен қатар, авторлар тобы қазақ даласындағы мешіт – медреселердің жағдайын сипаттай келе, ол жерде татарлар мен Орта Азияның отырықшы халықтарының әсерінен салынып, оған дейін қазақ даласында мешіт болмаған және қазақтар діни жоралғылардың барлығын қатаң орындамаған деген де қорытындыға келеді. Ал, миссионерлік қызмет болса, мұсылмандардың бірегейлігін арттырды деп тұжырымдады.

Осылайша, отыз жылдың ішінде ұлттық тарихнамада, қазақ қоғамындағы исламның рөлін зерттеу проблематикасы біршама зерттелді. Отандық еңбектерден, исламның қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасып, өзіндік әсерімен қоғамдық өмірдің барлық саласына көрініс тапқаны байқалады.

Келесі ауқымды әрі маңызды тақырыптардың бірі, Ресей империясының конфессиялық саясаты және оның қазақ даласындағы көрінісі. Әрине, кеңестік кезеңде Ресей империясындағы конфессиялық саясат та, кеңестік тұрғыда түсіндірілді. Оның негізгі мүдделері, өзіне бағынатын халықтар арасында өркениетті таратуға арналған Ресейдің ұлы тарихи миссиясы идеясына айналып, соның негізінде біртұтас әлем құру деп түсіндіріле бастады. Осылайша,



кеңестік кезеңде атеистік қоғам құру шаралары, идеологиялық күрес ғылыми зерттеулердің де сапасына тікелей әсер етті.

Ал, қазіргі таңда, Ресей империясының конфессиялық саясатын зерттеу, тарихи еңбектердің ішінде танымал тақырыптардың біріне айналды. Әсіресе, империядағы ислам тарихын зерттеуге, посткеңестік елдердің ғана емес, АҚШ, Германия, Франция, Жапония сияқты елдердің де зерттеушілері қызығушылық танытуда.

Империялық саясатта ерекше орын алған, Екатерина II жарлығымен құрылған Орынбор муфтилігінің қызметі мен маңызы зор. Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы империядағы дін мәселесінің басты көрінісі болғандықтан, оның империядағы рөлін және қазақ даласына әсерін көптеген ғалымдар айналысып келеді. Соның ішінде Ресей империясындағы Орынбор муфтилігінің қызметін, қазақстандық зерттеушілердің ішінен алғашқылардың бірі болып, С. Жақыпбек: «қазақ даласына өз бақылауын күшейтуді көздеген патша үкіметі, рухани тұрғыда әлсіретуді де өз мақсаттарына кіргізді және де сол арқылы діннен ажыратуды көздеді» - деп тұжырымдады (Жақыпбек, 1997: 22).

Ал, Ф. Адилова Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының рөлі мен қызметі жөнінде, оның қазақ даласына тигізген әсері туралы диссертациялық жұмысын жазды (Адилова, 2010: 135). Автор, Орынбор муфтилігі Ресей патшалығы үшін отарлау құралының бір түрі болды деген пікірдің жақтаушысы. Құрамындағы көп санды мұсылман халықтарын өзіне бағындыру жолдарының бірі ретінде қолдануға тырысты. Сонымен қатар, автор муфтияттың қазақтар арасындағы саяси рөлін ашып көрсетті.

Салмақты түрде, қазақ мұсылмандарының қоғамдық-саяси және діни өмірінде Орынбор муфтиятының қызметін зерттеуде тарихшы, П. Шаблей еңбегі ерекше (Шаблей, 2013: 36). Зерттеуші, қазақтардағы мұсылман институттарының тарихи даму тенденцияларын және ОМДБ заңдастыру факторларын анықтау; қазақ даласындағы өңірлік саясатты іске асыру бағдарламасына ОМДБ енгізу ерекшеліктерін қадағалау; қазақ әлеуметтік топтарының мүдделерінің империяның конфессиялық саясатын айқындайтын факторлар жиынтығымен, арақатынасы арқылы исламдық және империялық дискурстардың қырларын айқындау сынды мәселелерді қарастырды. Автор, Қазақ даласындағы Орынбор муфтияты мұсылман діндарлары немесе жергілікті басқару органдары арқылы жұмыс істей отырып, муфтияттың тапсырмаларын әрдайым орындай бермеді. Осылайша, конфессиялық реттеу жүйесінде орталықтандырылмаған тенденциялар дамыды деген қорытындыға келеді.

Орынбор Мұсылмандардың діни басқармасы, империя мүддесіне қызмет етумен қатар, этномәдени мәселесінде де үлкен рөл атқарды. Түркі – мұсылман халықтарының жақындаса түсіп, империя құрамындағы мұсылмандар арасында ұйымдардың пайда болуына жол ашты деген пікірді ұстанушы Б. Мырзагелдиев және басқа да дінтанушы ғалымдардың мақаласы жарық көрді (Мырзагелдиев., және т.б., 2018: 118). Зерттеушілердің пікірінше, басқарма арқылы діни қызметкерлердің тағайындалуы әсерінен, қазақ даласында ханафи мазхабының тереңдей енуіне және дамуына түрткі болды. Сонымен қатар, жұмыста ерекше назар аудартатын мәселе діни басқарманың негізінде баспаханалар ашылып, діни әдебиеттердің қазақ даласына қолжетімділігінің артуын ерекше атап айтады.

Бүгінгі таңда, отарлық саясат кезінде қазақ даласындағы Орынбор муфтиятының орны мен қызметіне талдау жасаған С. Рүстемов пен Б. Бұрхановтың мақаласы да ерекше (Рүстемов, Бұрханов, 2022: 134). Зерттеушілер қазақтарға қатысты Орынбор муфтилігінің қызметін екі кезеңге: 1788 – 1868 жылдарда муфтилік құрамындағы және 1868 – 1918 жылдары оған қайта кіруге деген талпыныс кезеңі деп бөліп қарастырады. Авторлардың пайымдауынша, Орынбор муфтилігінен шығарылғаннан кейін, қазақтар арасында діни толқулыр орын алып, XX ғасырдың басына дейін жалғасты деген пікір білдіреді.

Сонымен, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың ортасында қазақ даласындағы қоғамдық-саяси және діни үдерістер контекстінде Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын зерделеу негізінде, Ресей империясының аймақтық және конфессиялық саясатын жүзеге асырудағы жан-жақты аспектілерін қарастыруда маңызды болып табылады. Осы тұрғыда жүргізген зерттеу жұмыстарының бірі, Орынбор муфтилігін патшалық биліктің отарлық саясаты деп қарастырса, екінші бір тобы басқарма түркі – мұсылман халықтарының жақындаса түсуіне түрткі болды деген көзқараста. Ол өз кезегінде жекелеген институттардың тарихы мен жергілікті қоғамның діни көзқарастары арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік



береді. Құрамында көп санды мұсылман халықтары бар Ресей империясы үшін Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы байланыс орнатудың негізі көзі ретінде саналды.

Ресей империясының қазақ даласындағы исламға қатысты саясатын, тарихшы Г. Султанғалиеваның еңбектері ерекше орын алады. Әсіресе, еліміздің батыс аймақтарында Ресей империясының жүргізген саясатын этно-мәдени байланыстармен зерттеп, объективті бағасын берген. Татарлармен мәдени, ағартышулық байланысты анықтай отырып, оның қазақ даласына тигізген әсерін анықтады. Сонымен қатар, татар молдаларының қазақ даласында атқарған қызметтеріне архив құжаттарымен дәлелді түрде ашып көрсетеді. Сол арқылы қазақ даласына жүргізілген Ресей патшалығының саясатын тереңнен түсінуге мүмкіндік тудырады. Және де Бөкей Ордасындағы мешіттер мен молдалар санын нақты анықтаған (Султанғалиева, 2020: 481).

Осы орайда, еліміздің батыс өңірлеріндегі діни ағартушылық және оған әсер еткен дәстүрлі дін өкілдерінің ықпалы туралы жас ғалым, Н. Сабырғалиеваның диссертациялық жұмысын атап өтсек болады (Сабырғалиева, 2022: 245). XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында дәстүрлі ислам өкілдерінің Қазақ даласындағы қызметіне талдау жасай отырып, діни тұлғалардың ағартушылық рөлін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, мұрағат қорлары мен авторлық этнографиялық зерттеулерді кеңінен пайдалана отырып, олардың рухани салада атқарған қызметтерінің мазмұнын ашады. XX ғасырдың басында кеңінен танымал болған, қазақ қоғамындағы жәдидшілдік қозғалысты «мұсылмандық ояну» контекстінде қарастырады.

Ресей империясы құрамындағы мұсылман халықтарын барынша бақылауда ұстауға тырысты. Соның ішінде қазақ даласында өзіндік ерекшеліктер орын алды. Мұсылман халықтарын қолдау, қазақ даласында исламның одан әрі тереңдей түсуіне әкелді. Әсіресе, құрамындағы түркі – мұсылман халықтарының жақындай түсуіне түрткі болды. Соның ішінде, империяның қажылық саясаты, құрамындағы мұсылмандарға жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Қазақ даласындағы қажылық мәселесі де, бүгінгі таңдағы ерекше зерттеулерді талап ететін тақырыптардың бірі. Әсіресе, Ресей империясы тұсында қажылық жаппай құбылысқа айналғаны белгілі. Осыған орай, тарихшы Г. Мұхтарова исламның Қазақстан территориясында пайда болуынан бастап, қазіргі заманға дейінгі аралықта қажылық жасау динамикасы мен жол бағыттары және де көшпелілер арасындағы қажылық сапардың идеологиялық функциялары мен әлеуметтік ерекшеліктерін қарастырды (Мұхтарова, 2007: 298). Зерттеуші, осы тұста қазақтардан да қажылық сапарға көптеп ағылып кетіп жатты дей отырып, барлығы үкіметтің заңдастырған арнайы паспорт жүйесі арқылы іске асырылып отырды. Және де оны алуда, қазақтар басшылыққа өтініш жазып, өзінің мұрагерлерін тағайындап, отбасына жетерліктей қаражаты және соған куәгерлерді қоса тізімге тіркеп көрсететін болды. Қазақ даласында қажылық мәселесі туралы жазба деректердің пайда бола бастауы XVIII ғасырдың екінші жартысынан Ресей империясының отарлау саясатымен тығыз байланысты деп көрсетеді. Автор қолда бар, түрлі деректердің негізінде қажылықтың қалыптасу және орнығу үрдісін негізінен үш кезеңге бөлуге болады деп көрсеткен:

Бірінші кезең – қажылық ұғымының қазақтардың діни дүниетанымында ислам дінінің тарауымен бірге орнығуы, яғни Орта Азия хандарының және қазақ даласында билік құрған Шыңғысхан ұрпақтарының ислам дінін қабылдай бастаған мерзімін қамтиды.

Екінші кезең – ресей патшалығы тұсында ислам дінін қазақ даласында қолдау тапқан уақытын білдіреді

Үшінші кезең – еліміздің тәуелсіздік мерзімімен тұстас келеді.

Сондай – ақ, автор патшалық дәуірге дейінгі қажылық туралы ақпаратты ақын жыраулар өлеңдері арқылы көрсете отырып, сол кезеңдерде де қажылық сапардың орындалып отырғанын аңғартады. Ауыз әдебиеттегі қажылық туралы мақаласында, Г. Мұхтарова қазақ тарихын зерттеуде маңызды дерек көздері бола алатыны дәлелді (Мұхтарова, 2017: 15). Автор, XIX ғасырдағы жыр – толғаулардан қазақ қоғамында, қажылардың беделі өте жоғары болғандығын көрсетеді. Оған дәлел ретінде, Нұрым жыраудың, Әтембетке айтқан толғауында: сізге келіп сәлем бергенім, қағбаға тәуіп еткенмен бірдей деген жолдарын келтіреді. Бұдан автор, қажылыққа бару дәстүрі халық арасында ерекше қастерлі болғандығын көрсетеді.



Зерттеу жұмысында, империядағы қажылықтың саяси – экономикалық рөлін ашып көрсеткен Р. Айтбаева болды (Айтпаева, 2006: 126). Қазақстандағы исламға қатысты Ресей империясының саясатын жан – жақты көрсете отырып, мол тарихнамалық талдаулармен қатар, дерекнамалық қоры да ерекше. Әсіресе, жұмыста Қазақ даласында барлығы бірдей Меккеге бара бермеген. Құлшылық ету көп жағдайда киелі орындарға немесе жергілікті ата – баба зираттарына барып тағзым етумен де өтелгенін айтады. Соның ішінде Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесінің маңызы мен мешіт – медреселер бойынша татарлардың рөлі басым болғанын да көрсетеді. Ол бойынша автор, қазақтарды өз жағына тарту мақсатында қолданған татарлар, кейін патша үкіметінің үмітін ақтамады. Және де қазақ даласында татарлану үрдісі жүріп, исламға деген қызығушылықтары арта түсті деген пікір білдіреді. Сонымен қатар, мектеп – медреселер арқылы өз бақылауында ұстау мақсатын көздеді. Себебі, ол жердегі молда, дін қызметкерлері арнайы үкіметтің рұқсат қағазымен, өздері ұсынған адамдардан болды дей отырып, зерттеуші орыс тілін білу, өте маңызды болғанын өз жұмысында көрсетеді.

Тарихшы, ғалым А. Аққали Бөкей Ордасынан XIX ғасырдың соңында кеткен қажылар туралы архив деректерін келтіреді. Бірнеше тұлғаларды көрсетіп, оралмаған адам аттарын да атап айтады. Қажылық үнемі патша үкіметінің қатаң бақылауында болып, үрей туғызып отырған деген пікірге келеді. Сонымен қатар, Бөкейлік қажылар Меккеге қай бағытта аттанғаны туралы жазады. Оның ойынша Кавказ арқылы сапарға шығулары ыңғайлы болған. Себебі, ол кезде Бөкей Ордасы мен Атырау қазақтары құмық, шеркеш, қарашай, шешен т.б. Кавказ халықтарымен сауда-саттық жасасып, зергерлік бұйымдар соқтырып, араласып жатқан жағдайларға қарай топшылайды (Аққали, 2003: 48).

Қажылық мұсылман халықтарының негізгі парыздарына кіргенімен, оны орындау барлығына бірдей міндеттелмегені анық. Себебі, кімнің шамасы жетсе, яғни қаражаты әл-ауқаты жеткен адам ғана қажылық сапарын орындайтын болған. Сонымен қоса, қажылық ежелден келе жатқан құбылыс болды. Алайда қазақ қажыларының алғашқы топтарының есімдерінің белгілі болуы 1822 жылдан кейін Ресей өкіметінің жарлығы бойынша дала өлкесінде округтер ашылып, адамдардың аты – жөндерін қағазға түсіріле бастауымен байланыстыруымызға болады. Оған дейінгі барған қажылар туралы мәліметтер ешқай жерде тіркелмегендіктен бізге белгісіз болып отыр. Ол туралы Х. Ғабжалилов қазақтан барған алғашқы қажыларды көрсете отырып, Атырау мен Орал жерінен, Жетісудан, Ақмола, Семей және Торғай даласынан 1811 жылдан 1914 жылдың аралығында барлығы 9-9,5 мың қазақ қажылыққа барған деген мәліметтер келтіреді (Ғабжалилов, 2005: 58). 1914 жылмен аяқтауын автор бірінші дүнижүзілік соғыстың басталуымен түсіндіреді. Ерекше атап өтетін 1874 жылы Құнанбай қажының барғанын өзімен бірге Өндірбай қалпені ертіп бес адам болып аттанғанын Б. Сапаралиннің келтірген деректеріне сүйене отырып жазады. Сонымен қатар деректерге сүйене отырып, Құнанбай Шамнан шыққан керуенге ілесіп, Араб шөлін 13 күн бойы кезген деп оның жүрген жолдарын шамамен көрсетуге тырысады. Семейден Ресейдің Челябинск қаласы арқылы сауда керуеніне ілесіп, Транссибирь теміржолы мен поездан поездға мініп Қара теңіз жағалауындағы портқа жетіп, одан кемемен Бейрутқа, одан Шам (Дамаск) қаласына барған. Сол жерден Амманды басып, 13 күнде Мәдинаға жеткен сыңайлы деген пікірде.

Қазақ байларының осы тұста атқарған рөлі мен қызметі ерекше болды. Олар тек, өңірді басқарып қане қоймай, халқын экономикалық тұрғыда да қолдау көрсетіп отырған. Сонымен қатар, халық арасында беделдері де жоғары болды. Соның ішінде қажылыққа барып, мұсылмандық парыздарын орындағандар да қаншама. Олар қажылық сапарында басқа да маңызды істермен айланыса жүрді. Оған мысал, қазақтардың Мекке қаласында салдырған қонақ үйлері туралы зерттеу жұмыстары бөлек қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты автор, Меккеде салдырған қонақ үйлер туралы деректерді келтіреді. Мединада оқып жүрген қазақ студентінің жазғанын мысал қылып жазғанына назар аударсақ. 1913 жылдары ондағы қазақ студенттерінің саны отызға жуық және олардың тұратын жерлері жоқ сол қиындық тудырады. Ал қазақ қажылары салдырған қонақ үйлерге биліктері жүрмей айырылып қалған. Бір қонақ үйдің өзі Жолдас қожа дегеннің ұлы Әли деген сартқа тиіп, ол өзін Ишан деп жариялап, келген қазақтардан көп қаражат пайда тауып отырған. Ал сондағы қазақ студенттерін қонақ үйден шығарып жіберген. «Меккедегі бір такиені Қытайға шектес Қоқан,



Наманган жағынан келген Қыпшақ хажыларынан Меделбай деген кісі басшылық етіп, мұнан алты жыл бұрын 15000 сомға сатып алған екен. 15 бөлмелі 4 қабат үйді Мединеде тұратын Ғұсыман деген сарттың атына жаздырыпты. Біз қазақ шәкірттері бұл үйді де пайдаланудың шарасын таба алмадық. Былтыр 1912 жылы 50-60 шамалы Қазақ қажыларын осы үйге түсіріп жатқызған едік. Ақырында Ғұсыман сарт оларды да қуып, олардың орнына сарт қажыларды кіргізіп алыпты. Міне қажыға келген қазақ аталарымыз жақсы үй сатып алып, ішін қары қалы кілеммен толтырып, ыдыс аяқ, төсектерін алып, польский самаурындар қойып, тұтын пайдасын көре алмай отыр. Сарттар иемденіп алған сол үйлердің иесі болуға лайық бізді, сарт ағайындар есігінен де қаратпайды» деген деректерді берген (Ғабжалилов, 2005: 50). Және де Құнанбай қажының да үш жүздің жақсыларын жинап, Мекке қаласында салдырған «тақия» қонақ үйі де әдебиеттерден көптеп кездестіріп жатамыз. Әрине, олар туралы орналасқан жері мен нақты деректерді алу бүгінгі таңда үлкен жұмысты талап етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, мұсылмандардың қасиетті Мекке жеріне қажылық сапарын қайта жандандырды. Осы тұрғыда Қазақстандық қажылардың тізімдері альбом болып бірнеше том болып шығып отырды (Маханбет. 2005: 264). Бұл альбомда Қазақстанның тәуелсіздіктен бері Мекке жерінде құлшылық еткен қажылар есімдері мен солар туралы мәліметтер берілген. Және де әр кітаптың соңғы тарауы «қажыға барған бабалар» яғни, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында қазақ даласынан қажыған барғандар туралы ақпарат көздері кездеседі. Олардың кім, қай өңірден және қай жылдары аттанғаны туралы кейбірінің фото – суреттері де берілген мәліметтер келтіріледі. Алайда бұл жерде толық тізім деп айта алмаймыз. Көп бөлігін ауызша, ұрапақтарынан алған сұхбаттар арқылы жинақтаған. Бұл да архивтік қорлардан бөлек, біз үшін маңызды дерек көзі болып табылады. Қазақ қажыларын зерттеу және оның саяси – қоғамдық рөлі мен маңызын анықтау әлі де болса терең зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысында құрамындағы мұсылмандар арасында империяның діни саясатының ықпалы тереңдей түсті. Және де ауқымды мемлекеттік темір жол желісінің құрылуына байланысты, қажылық жаппай құбылысқа айналды. Осы орайда арнайы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Диссертациялық жұмыстардың тек тараушаларында кездесе, көлемді еңбектерде Ресей империясы тұсындағы қазақ қажылығы аз мөлшерде жазылған. Аймақ бойынша да, оңтүстік және батыс аймақтарынан қасиетті Мекке жерлеріне қажылық сапарлары қарастырылғанымен, еліміздің солтүстік – шығыс өлкесіндегі қажылық мәселесі арнайы зерттеу қажеттігі туындап отыр. Себебі, жол тораптарының және географиялық тұрғыда алыс орналасқан аймақ ретінде ерекше және маңызды болып табылады.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей, қажылықты қолдаудың жүйелі саясатын жүргізе бастады. Бұл ең алдымен трансимпериялық инфрақұрылымның құрылысында көрініс таба отырып, қажылық инфрақұрылым империяның географиялық ауқымы кеңейген сайын өзгерістерге ұшырай отырып, дамыған жүйе ретінде анықталды. Ал, Қазақстан жерінен аттанған қажылар саны, әлеуметтік құрамы, әсіресе жүріп өткен жолдары бүгінгі таңда терең зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Қорытынды. Қазақстандық зерттеушілерге 90 - жылдардан бастап, діни мәселелердің ұлтаралық, конфессияаралық қарым – қатынастарын, олардың рөлі мен маңызын зерттеуге мүмкіндігі туындап, қызығушылықтары артты. Кеңестік кезеңде діни саясаттың қатандығынан, ислам тарихын зерттеуге мүмкіндік болмағаны белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алғалы ислам тарихына қатысты еңбектер жазылып, айтылмаған тұстары тарих беттеріне қайта шыға бастады. Сондықтан да, қазіргі отандық тарихнамада исламның қазақ жеріндегі рөлі мен маңызы туралы ғылыми мәселелер маңызды орын алады. Олардың алдында бірнеше міндеттермен қатар, кезеңдеріне байланысты ерекшеіктерін де анықтау, басты талаптардың бірі. Көптеген ғалымдар қазақы мұсылмандықтың шынайы бейнесін ашуға тырысуда. Біз қарастырып отырған кезең, қазақ даласында үлкен өзгерістердің орын алып жатқан кезеңімен тұспа – тұс келіп отыр. Басқару жүйесінің өзгеруі, патшалық үкіметтің толық бақылауы орнаған кезең қазақ даласындағы ислам факторын да жаңа кезеңге өтуіне түрткі болды. Қазақстан тарихнамасында осыған байланысты жұмыстар қатары көбейіп, бірнеше тұжырымдар жасалды. Жұмыстардың жалпы сипаты, кеңестік кезеңде жазылған пікірлерді жоққа шығарып, «әлсіз ислам», «нашар мұсылман» түсініктерін жоюға мүмкіндік беріп отыр. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы ислам тарихына



қатысты жазылған еңбектер, Ресей империясының конфессиялық саясатына қатысты және оның қазақтар арасындағы рөлі мен маңызын ашуға тырысқан. Соның ішінде, этно – мәдени байланыстардың да ерекшелігін атап көрсетеді. Тілі мен мәдениеті, өмір салты ұқсас болып келетін түркі – мұсылман халықтарының арасында рухани, діни бірегейлік күшейе түсті. Сондай – ақ, қазақ халқының дәстүріндегі ислам факторын анықап, оның қаншалықты тереңде бекітілгенін анықтайтын жұмыстар қатары да кездеседі.

Қазақстан өңірлеріне байланысты жұмыстар да жеке топтарды құрап отыр. Олай болу себебі, аймақтың ерекшеліктеріне байланысты, оның сипаты да әртүрлі. Қазақстандық тарихнамадан көріп отырғанымыздай, оның исламның ежелден таралу ерекшелігі және шекаралас аймақтардағы халықтардың әсері, өмір сүру салты да маңызды рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Алайда, еңбектер ішінен еліміздің солтүстік-шығыс аймағы назардан тыс қалып келеді. Оның басқа өңірден ерекшелігі, діннің ықпалы әсіресе, алыс аймақтың қажылық сапары әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше қазақы мұсылмандық дәстүр бірнеше кезеңдерді басынан өткізе отырып, XIX ғасырдың соңына қарай отарлау саясатының құралына айналды. Соның ішінде Орынбор муфтиятының рөлі, молдалардың қызметі, қажылардың маңызы, медреселерде білім беру мәселесі, мешіт құрылыстары және т.б. мәселелер кеңестік тұжырымдарға қарсы, жаңаша көзқараспен өзіндік бағасын алып келеді.

Сонымен қатар, қажылық мәселесінде жазылған еңбектер, Ресей империясының саясатының ықпалымен, XIX ғасырдың соңында қажылықтың қарқынды дамуына әкелді деген тұжырымдары басым. Соның ішінде, татарлардың рөлі мен қазақ даласындағы қызметі ерекше орын алады. Қазақ даласынан қажылықтың жаппай көрініс табуын, діни фанатизмнің күшейгенімен де байластыратын жұмыстар қатары бар. Алайда, қажылардың толық тізімі мен қажылық маршруттары нақтыланбай отыр.

Қазақстандық тарихнамаға жасалған қорытындылар бойынша, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы ислам көрінісі өзінің шынайы бейнесін қалыптастырып келеді. Бүгінгі таңда сарапшылар әлсіз ислам теориясы емес, біртұтас ислам әлеміндегі аймақтық және этникалық тең құқықты тұжырымдамасы, көптеген халықтардың мұсылмандық өткенін зерттеудің жаңа шекараларына шығуға мүмкіндік береді. Жаңа тарихнама үшін ұлттың өзін-өзі діни өткенін нақтылау, оның қоғамдық өмірінің басты өлшемі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- Абдиханова, 2010 – Абдиханова А.Ж. Конфессии Южного Казахстана в конце XIX – 80-х годах XX века: исторический анализ: канд.ист.наук. – Алматы, - 2010. – 137 с.
- Абуов, 1997 – Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави. – Алматы: Институт философии МН-АН РК, 1997. – 196 С.
- Адилова, 2010 – Адилова Ф.А. Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор муфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы –XX ғ. басы). тарих ғыл.канд. дисс... автореферат – Алматы, 2010. -135 б.
- Айтбева, 2006 – Айтбева Р.Т. Государственная политика Российской империи по отношению к исламу в Казахстане в XIX в.: дис. ... канд.ист.наук. – Алматы, 2006. – 280 с.
- Аққали, 2003 – Аққали А. Атырау қажылары // Қазақ ордасы. – 2003. – №3. – 48 б.
- Бегалинова, 1999 – Бегалинова К.К. Суфизм как религиозно – философская концепция мира и человека. – Алматы: ИИА «Айкос», 1999. – 194 с.
- Ғабжалилов, 2005 – Ғабжалилов Х.М. Қазақ қажыларының Мединада салдырған такиелері туралы дерек // Алаш. Тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. - №1(1). – 2005. – 58 б.
- Жаксылыкова, 1999 – Жаксылыкова А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. – Алматы: Казахский университет, 1999. – 422 с.
- Жакыпбек, 1997 – Жакыпбек С.Қ. Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. – Алматы, 1997. - №11. – 22-24 бб.
- Klaus, 2012 – Klaus Schwarz Verlag GmbH. Central Asian Pilgrims. Hajj Routes and Pious Visits between Central Asia and the Hijaz. Berlin. J2P Berlin Printed. 2012. P.312.
- Қазақстан қажылары. Дерекнамалық альбом. Құрастырған С.О. Маханбет. – Алматы: Ислам әлемі, 2002. – 312 б.
- Мұхтарова, 2007 – Мұхтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 гг.): дис. ... д-ра ист.наук. Уралыск, 2007. 310 с.



Мұхтарова, 2007 – Мұхтарова Г.Р. Қазақстандағы қажылық: тарихы, әлеуметтік және идеологиялық функциясы // Қ. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. № 2(60). – 2007. – 298 б.

Мухтарова, 2017 – Мухтарова Г.Р., // Қазақстандағы қажылық: ауыз әдебиеті мен мұрағат материалдарында көрініс табуы. [Электронды ресурс] <https://sunna.kz/archives/5048> (дата обращения: 27.05.2023 г.)

Мустафина, 2006 – Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX–XX вв.) (историко этнографическое исследование). автореф. дисс. докт. ист. наук. – Алматы, 2006. – 309 с.

Муминов, 2006 – Новые подходы к изучению процесса исламизации Центральной Азии // К новым стандартам в развитии общественных наук в Центральной Азии. Материалы международной научной конференции. Алматы. С. 77-91.

Мырзагелдиев, 2018 – Мырзагелдиев Б.А., Керим Ш.Т., Рахимбетов Р.Т. Қазақтардың Орынбор мүфтилігіне қаратылуы және мұсылмандық басқару жүйесінің дамуы // ҚазҰУ хабаршысы, Философия сериясы. №2 (64). 2018. – 118-127 бб.

Нуртазина, 2008 – Нуртазина Н. Д. Народы Туркестана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX- XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.

Нуртазина, 2021 – Нуртазина Н.Д. Ислам в истории казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие независимости (1991-2021) // Вестник КазНУ – 2021. №3 (102). – С. 2-9.

Нурғалиева, 2005 – Нурғалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 218 с.

Нурғалиева, 2010 – Нурғалиева А. М. Ислам в истории и культуре Казахского общества (XVIII - начале XX вв.): дис. ... докт. истор. наук. – Уральск, 2010. – 47 с.

Рустемов, 1997 – Рустемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық – саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тарих ғыл. канд... дис. – Алматы, 1997. – 180 б.

Рустемов, 2022 – Рустемов С.К., Бұрханов Б.Б. Орынбор мүфтилігінің қазақтардың қоғамдық – саяси және мәдени өміріндегі орны мен ролі (XVIII ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезі) // Отан тарихы. – Алматы, 2022. - № 2 (98). – 134 -143 бб.

Сабырғалиева, 2022 – Сабырғалиева Н.Б. Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани – ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басы). 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. ... – Алматы, 2022. – 245.

Садвакасова, 2005 – Садвакасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX- XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2005, – 277 с.

Садвокасова, 2022 – Садвокасова З.Т., Мұхатова О.Х., Рустемов С.К., Маргулан А.С., Бурханов Б.Б. Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғғ. басы). Монография. – Алматы, 2022 ж. – 461 б.

Сейтказина, 2010 – Сейтказина Қ.О. Қазақстанның солтүстік аймағындағы ислам діні: тарихи талдау (XIX ғ.–XX ғ. басы). Дисс. ... тар.ғыл. канд. – Астана. 2010, - 131 б.

Султанғалиева, 1998 – Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с.

Султанғалиева, 2020 – Султанғалиева Г.С. Татарские муллы, командированные в степь «... для разъяснения, обнародования и внушение правил» // Историческая этнология. – 2020. Т.5. - № 3. – с. 481-496.

Тасмагамбетов, 2009 – Тасмагамбетов А.С. История конфессий Казахстана в конце XVIII – начале XX вв.: распространение организационное развитие и миссионерство (по материалам ислама и православия): автореф. ... докт. ист. наук. – Уральск, 2009. – 40 с.

Шаблей, 2013 – Шаблей П.С. Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно-политической и религиозной жизни населения казахских степных областей (1788-1868 гг.): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Челябинск, 2013. – 36 с.

References

Abdihanova, 2010 – Abdihanova A.Zh. Konfessii yuzhnogo Kazahstana v konce XIX – 80-h godah XX veka: istoricheskii analiz: [Confessions of Southern Kazakhstan in the late XIX – 80s of the XX century: historical analysis] Candidate of Hist. Sciences. –Almaty, - 2010. – 137 p. [In Rus.]

Abuov, 1997 – Abuov A.P. Mirovozzrenie Hodzha Ahmeta Yasavi. [The Worldview of Khoja Ahmed Yasawi] – Almaty: Institute of Philosophy of MN-AN RK, 1997. – 196 p. [In Rus.]

Adilova, 2010 – Adilova F.A. Kazakh qogamynyn sayasi omirindegi Orynbor muftiliginin orny men qyzmeti (XVIII g. ayagy – XX g. basy). [The place and function of the Orenburg Mufti in the political life of Kazakh society (late XVIII –early XX centuries)]. autoref. Candidate of Historical Sciences. – Almaty, 2010. – 135 p. [In Kaz.]



Aitbeva, 2006 – Aitbeva R.T. Gosudarstvennaya politika Rossijskoj imperii po otnosheniyu k islamu v Kazahstane v XIX v.: [The state policy of the Russian Empire in relation to Islam in Kazakhstan in the XIX century]. dis. ... Candidate of Hist. Sciences. – Almaty, 2006. – 280 p. [In Rus.]

Aqqali, 2003 – Aqqali A. Atyrau qazhylary [Atyrau pilgrims]. Kazakh horde. – 2003. - No. 3. - 48 p. [In Kaz.]

Begalinova, 1999 – Begalinova K.K. Sufizm kak religiozno – filosofskaya koncepciya mira i cheloveka. [Sufism as a religious and philosophical concept of the world and man.]. Almaty: IIA "Aikos", 1999. – 194 p. [In Rus.]

Gabzhalilov, 2005 – Gabzhalilov H.M. Qazaq qazhylarynyn Medinada saldyrgan takieleri turaly derek [Information about the construction of the mosque in Medina by Kazakh pilgrims] // Alash. Historical and ethnological scientific journal. - №1(1). – 2005. - 58 p. [In Kaz.]

Zhaksylykova, 1999 – Zhaksylykova A. Zh. Obrazy, motivy i idei s religioznoi sodержatel'nostyu v proizvedeniyah kazahskoi literatury. Tipologiya, estetika, genezis. [Images, motives and ideas with religious content in the works of Kazakh literature. Typology, aesthetics, genesis]. Almaty: Kazakh University, 1999. – 422 p. [In Rus.]

Zhaqypbek, 1997 – Zhaqypbek S.Q. Haziretter qarsylygy [Resistance of Hazrat] // Aqiqat. – Almaty, 1997. - No. 11. – 22-24 pp. [In Kaz.]

Klaus, 2012 – Klaus Schwarz Verlag GmbH. Central Asian Pilgrims. Hajj Routes and Pious Visits between Central Asia and the Hijaz. Berlin. J2P Berlin Printed. 2012. P.312.

Qazaqstan qazhylary. Dereknamalyq albom. [Pilgrims of Kazakhstan. Source album.] Compiled by S.O. Mahanbet. – Almaty: Islam alemi, 2002. – 312 p. [In Kaz.]

Muhtarova, 2007 – Muhtarova G.D. Islam v sovetskom Kazahstane (1917-1991 gg.) [Islam in Soviet Kazakhstan (1917-1991)]: dis. ... doctor of historical sciences. Uralsk, 2007. 310 p. [In Rus.]

Muhtarova, 2007 – Muhtarova G.R. Qazaqstandagy qazhylyq: tarihy, aleumettik zhane ideologiyalyq funkciyas [Hajj in Kazakhstan: history, social and ideological function]. Bulletin of the International Kazakh-Turkish university named after K. Yassawi. № 2(60). – 2007. - 298 p. [In Kaz.]

Muhtarova, 2017 – Muhtarova G.R., // Qazaqstandagy qazhylyq: auyz adebiyeti men muragat materialdarynda korinis tabuy. [Hajj in Kazakhstan: reflection in oral literature and archival materials.]. [Electronic resource] <https://sunna.kz/archives/5048> (date of application: 27.05.2023 g.) [In Kaz.]

Mustafina, 2006 – Mustafina R.M. Bytovoi islam u kazahov (XIX–XX vv.) (istoriko etnograficheskoe issledovanie). [Everyday Islam among the Kazakhs (XIX–XX centuries) (historical and ethnographic study)] autoref. diss.... Doctor of Historical Sciences. - Almaty, 2006 –309 p. [In Rus.]

Muminov A.K. (2006). Novyye podkhody k izucheniyu protsessa islamizatsii Tsentral'noy Azii // K novym standartam v razvitiitsh obshchestvennykh nauk v Tsentral'noy Azii. Materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. [New approaches to the study of the process of Islamization in Central Asia // Towards new standards in developing social sciences in Central Asia. Materials of the international scientific conference.]. Almaty. S. 77-91. [In Rus.]

Myrzageldiev, 2018 – Myrzageldiev B.A., Kerim SH.T., Rashimbetov R.T. Qazaqtardyn Orynbor muftiligine qaratylyuy zhane musylmandyq basqaru zhuiessin damuy [The transition of Kazakhs to the Orenburg Mufti and the development of the Muslim system of government] // Bulletin of KazNU Philosophy Series . №2 (64).2018. – 118-127 pp. [In Kaz.]

Nurtazina, 2008 – Nurtazina N.D. Narody Turkestana: problemy islama, integracii, modernizacii i dekolonizacii (na rubezhe XIX- XX vekov). [The peoples of Turkestan: Problems of Islam, integration, modernization and decolonization (at the turn of the XIX- XX centuries)] – Almaty: Kazakh university, 2008. - 166 p. [In Rus.]

Nurtazina, 2021 – Nurtazina N.D. Islam v istorii kazahstana: novye podhody i itogi izucheniya problemy za 30-letie nezavisimosti (1991-2021) [Islam in the History of Kazakhstan: new approaches and results of studying the problem for the 30th anniversary of Independence (1991-2021)]. Bulletin of KazNU – 2021. №3 (102). – 2-9 pp. [In Rus.]

Nurgaliev, 2005 – Nurgaliev A.M. Ocherki po istorii islama v Kazahstane. [Essays on the history of Islam in Kazakhstan] – Almaty: Daik-Press, 2005. – 218 p. [In Rus.]

Nurgaliev, 2010 – Nurgaliev A.M. Islam v istorii i kul'ture Kazahskogo obshchestva (XVIII - nachale XX vv.): [Islam in the History and culture of Kazakh society (XVIII - early XX centuries):] dis. ... doct. history of sciences. – Uralsk, 2010. – 47 p. [In Rus.]

Rustemov, 1997 – Rustemov S.K. XX gasyr basyndagy Qazaqstannyn qogamdyq – sayasi omirindegi musylmandyq qozgalys: [Muslim movement in the socio-political life of Kazakhstan at the beginning of the XX century] diss. Candidate of Historical Sciences - Almaty, 1997 –180 p. [In Kaz.]

Rustemov, 2022 – Rustemov S.K., Burhanov B.B. Orynbor muftiliginin qazaqtardyn qoramdyq – sayasi zhane madeni omirindegi orny men roli (XVIII gasyrdyn sony – XX gasyrdyn bas kezi) [The place and role



of the Orenburg Mufti in the socio – political and cultural life of the Kazakhs (late XVIII – early XX centuries)] // *Otan tarihy*. – Almaty, 2022. - № 2 (98). – 134 -143 pp. [In Kaz.]

Sabyrgaliev, 2022 – Sabyrgaliev N.B. Qazaqstannyn batys onirlerindegi dasturli islam okilderinin ruhani – agrtushylyq qyzmeti (XIX g. ekinshi zhartysy - XX g. basy). [Spiritual and educational activities of representatives of traditional Islam in the western regions of Kazakhstan (second half of the XIX – early XX centuries).] 6D020300-diss. prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in history. ... - Almaty, 2022 – 245 p. [In Kaz.]

Sadvakasova, 2005 – Sadvakasova Z.T. Duhovnaya ekspansiya carizma v Kazahstane v oblasti obrazovaniya i religii (II polovina XIX- XX vekov). [Spiritual expansion of tsarism in Kazakhstan in the field of education and religion (II half of the XIX-XX centuries)] – Almaty: Kazakh University, 2005 – 277 p. [In Rus.]

Sadvokasova, 2022 – Sadvokasova Z.T., Muhatova O.H., Rustemov S.K., Margulan A.S., Burhanov B.B. Qazaqstandagy musulman zhane pravoslavie missionerleri: qyzmeti men natizheleri (XIX – XX gg. basy). [Muslim and Orthodox missionaries in Kazakhstan: activities and results (XIX-XX centuries. head)]. Monograph.- Almaty, 2022. – 461 p. [In Kaz.]

Seitkazina, 2010 – Seitkazina Q.O. Qazaqstannyn soltustik aimagyndagy islam dini: tarihi taldau (XIX g.– XX g. basy). [Islam in the northern region of Kazakhstan: a historical analysis (XIX–early XX centuries).] diss. Candidate of Historical Sciences – Astana. 2010, - 131 p. [In Kaz.]

Sultangaliev, 1998 – Sultangaliev A.K. Islam v Kazahstane: istoriya, etnichnost' i obshchestvo. [Islam in Kazakhstan: History, Ethnicity and Society] – Almaty: KISI, 1998. – 188 p. [In Kaz.]

Sultangaliev, 2020 – Sultangaliev G.S. Tatarskie mully, komandirovannye v step' «... dlya razyasneniya, obnarodovaniya i vnushenie pravil» [Tatar mullahs sent to the steppe "... for clarification, publication and suggestion of rules"] // *Historical ethnology*. – 2020. T.5. - № 3. – p. 481-496. [In Rus.]

Tasmagambetov, 2009 – Tasmagambetov A.S. Istoriya konfessii Kazahstana v konce XVIII – nachale XX vv.: rasprostraneniye organizacionnoye razvitie i missionerstvo (po materialam islama i pravoslaviya): [The history of the confessions of Kazakhstan in the late XVIII – early XX centuries: dissemination, organizational development and missionary work (based on the materials of Islam and Orthodoxy)] autoref. Doctor of Historical Sciences. – Uralsk, 2009. – 40 p. [In Rus.]

Shablei, 2013 – Shablei P.S. Orenburgskoe magometanskoe duhovnoe sobranie v obshchestvenno-politicheskoi i religioznoj zhizni naseleniya kazahskih stepnyh oblastei (1788-1868 gg.): [Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly in the socio-political and religious life of the population of the Kazakh steppe regions (1788-1868)] autoref. Candidate of Historical Sciences. – Chelyabinsk, 2013. – 36 p. [In Rus.]



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
